



**ARDOR GAMING**

ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ



**ARDOR GAMING  
M2 Arctic Red  
сыртқы қорабы  
(боксы)**

# Сеніміңіз үшін рахмет!

Біздің команда сіздің компьютерлік ойындарға деген құштарлығыңызды толығымен түсінеді, сондықтан біз сіздің ойын тәжірибеңізді ойыншыларға арналған аксессуарлармен ұмытылмас ету үшін бар күшімізді саламыз. Жаңа жеңістер мен жарқын әсерлер!

## Құрылғының тағайындалуы


SSD-ге арналған сыртқы қорап USB арқылы ақпаратты қосуға және жіберуге, қатты дискіні қауіпсіз сақтауға және тасымалдауға арналған.

## Сақтық шаралары

- Құрылғыны күн сәулесіне, экстремалды температураға немесе шамадан тыс қызуға ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны ылғал мен шаңға қалдырмаңыз.
- Құрылғыны пайдалану кезінде жоғары жылдамдыққа байланысты SSD дискісі қызуы мүмкін, бірақ құрылғының жұмысы аяқталғаннан кейін температура автоматты түрде төмендейді – бұл қалыпты жағдай.
- Жинақталымда құрылғымен бірге USB кәбілдері бар, оларды құрылғының бұзылуын немесе басқа қауіпті жағдайлардың пайда болуын болдырмау үшін басқа құрылғылармен бірге пайдалану ұсынылмайды.
- Зақымдалған USB кәбілі бар құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғының сынуын немесе басқа да қауіпті жағдайлардың туындауын болдырмау үшін құрылғыны Құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілгеннен жоғары параметрлері бар қуат көздеріне қоспаңыз.

- Деректердің жоғалуын немесе қатты дискінің бұзылуын болдырмас үшін SSD дискісін қораптан шығармаңыз және деректерді жіберу кезінде USB кәбілін ажыратпаңыз.
- Қатты диск деректерін жіберу немесе пішімдеуден бұрын оның көшірмесін жасау ұсынылады.
- Құрылғыны соққылардан, құлаудан, сызаттардан және басқа зиянды әсерлерден қорғаңыз.
- Құрылғыны өз күшіңізбен жөндеуге тырыспаңыз. Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Бұл құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда, пайдалануына арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

## Құрылғы схемасы



## Технические характеристики


- Үлгісі: Arctic Red.
- Сауда белгісі: ARDOR GAMING.
- Интерфейс / M2 SSD протоколы: PCI-E / NVME және SATA / NGFF.
- SSD осы кілттермен қолдайды: M-key, B+M key.
- M2 SSD қолдау көрсетілетін өлшемдері: 30 мм, 42 мм, 60 мм, 80 мм.
- ДК қосылу интерфейсі: USB 3.2 Gen 2.
- Деректерді беру жылдамдығы: 10 Гбит/сек дейін.
- Ең көп қолдау көрсетілетін SSD көлемі: 2ТБ.
- Кері үйлесімділік: USB 3.0 / 2.0 / 1.1.
- Кәбіл жиынтықта : Type-C-де USB Type-C және Type-A-да USB Type-C.
- Қуат параметрлері: USB 5В + 5%.
- ОЖ үйлесімділігі: Windows / macOS / Linux.
- Құрылғының өлшемдері: 110x28x14.5 мм.

## Жинақталым


- Сыртқы қорап.
- USB-C – USB-C кәбілі.
- USB-C – USB-A кәбілі.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

## Орнату


1. Төмендегі суретте көрсетілгендей қораптың жоғарғы жағын сырғытыңыз.




2. Жоғарғы панельді алыңыз.




3. Қатты дискіні қорапқа салыңыз және резеңке бекіткішті бұрап бекітіңіз.






4. Жоғарғы панельді орнына қойыңыз.



5. Құрылғыны компьютерге USB кәбілі арқылы қосыңыз.





## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары**

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушының және тұтынушының жылытылатын орынжайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада сақталуы керек. Орынжайларда жегідені тудыратын агрессияшыл қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғы мұқият пайдалануды қажет етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

## Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырылуында ақаулар жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілді қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

# Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шэньчжэнь ХуэйДэГуй Сайенс энд  
Тэхнолоджи Девелопмент Ко., Лтд.  
№ 44 Чжу Гу Ши тас жолы, Лунган ауданының  
У Лянь көш., Шэньчжэнь қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии  
в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Са-  
рыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабыл-  
дайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,  
Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы  
Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Өнімнің сапасын жақсарту үшін ерекшеліктер,  
өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі  
пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі  
мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының  
орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.2

